

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАХАМБЕТ АУДАНЫ
«ЕСБОЛ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ




- ✓ 2022-2023 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысына талдау
- ✓ 2023-2024 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысының жоспары мен алға қойған міндеттері

«Бекітемін»

«Есбол орта мектебі» КММ директоры

А.Қ.Олжағалиев



**Есбол орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына
арналған оқу – тәрбие жұмыстарының
ЖОСПАРЫ**

Ақпараттық анықтама

**Мектептің мекен-жайы - Атырау облысы, Махамбет ауданы,
Есбол селосы,**

Махамбет көшесі, №5, тел: 2-60-01

**Есбол орта мектебі 2001 жылы салынып, қолданысқа берілді.
Типтік жобадағы мектеп.**

Мектеп ғимаратының ауданы- .

Жалпы мектептің жобалау күші 250 оқушыға арналған.

Білім беру тілі- қазақ тілі

e-mail: esbol.makhambet@mail.ru

2023-2024 оқу жылының міндеттері:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

" 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады

2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады. " Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.

Білім беру ұйымдарында бір тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.

Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру. Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.

Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жұмыстарының Жоспарына түсінік хат

Есбол орта мектебінің оқу-тәрбие жұмысының жоспарын құрастыру барысында төмендегідей нормативті-құқықтық құжаттар ескерілді:

- 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алу
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер мен енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022жылғы 23 қыркүйегіндегі №406 бұйрығы.
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы); – «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 8 қарашасындағы №500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарлары №264 бұйрығының 1-қосымша (1-4 сыныптар) 6-қосымша (5-6-7-8-9 сыныптар), №412 бұйрығының 39қосымшасы (10-11 сыныптар-жаратылыстану-математикалық қазақ тілінде оқитын сыныптарға арналған)

Мектептің өткен оқу жылына арналған тақырыбы:

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда педагог қызметкерлердің шығармашылық инновациялық қызметін ұйымдастыру мен кәсіби құзыреттілігін арттыру және нәтижелі оқытуға қол жеткізу»

«Есбол орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі қызметінің мәні- оқушылардың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау, олардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, машық пен дағдыларды алуын қамтамасыз ету. Жеке шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау жолымен зердесін байыту. Осы бағытта мектептің жұмыс жүйесінің осы оқу жылына арналған тақырыбы:

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда педагог қызметкерлердің шығармашылық инновациялық қызметін ұйымдастыру мен кәсіби құзыреттілігін арттыру және нәтижелі оқытуға қол жеткізу» Яғни, оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы жаңа бағыт – білім жүйесін иновациялау: стандартқа сай білім беру, мұғалім құзыреттілігін дамыту, жеке тұлға тәрбиелеу, ақпараттық оқыту жүйесін толық енгізу, зерттеушілікті дамыту, оқушыларды шығармашылыққа баулу, өзіндік дамытуды жүйелеу. Сайып келгенде ең басты мақсат- **білім сапасын арттыру**

Осы мақсатты алдына қоя отырып, Есбол орта мектебінің педагогикалық ұжымы 2022-2023 оқу жылында да елеулі жұмыстар атқарды деп ойлаймыз. Мектепте қолданыста 1 гимнастика залы, 1 спорт зал- спорттық құралдармен оның ішінде тренажерлік аспаптармен жабдықталған, кітапхана және акт залы, 1 медкабинет жұмыс істейді. Барлық кабинеттер интернет желісіне қосылған. Ақпараттандыру технологиясын үйрету барысында мұғалімдерге толық мүмкіндік бар. Ақпараттық ресурстар орталығы іске қосылған. Оқушылардың дебатқа, ғылыми жұмысқа, пән сабақтарына қажетті материалды Интернет ресурстары арқылы алады. **Сынып комплектісі барлығы-12, атап айтсақ, МАД-1, 1сынып-1, 2сынып-1, 3сынып-1, 4 сынып-1 – МАД-4 сыныпта-5, сынып комплектісі болса, 5-11 сыныптарда 7 сынып комплектісі бар.**

Есбол орта мектебі оқу жылын жыл басында 136 оқушымен бастап, жыл ішіндегі оқушы қозғалысына байланысты оқу жылын 137 оқушы аяқтап отыр. **МАД- 17 оқушы,**

1-4-54 оқушы, 5-9- 73оқушы, 10-11-де- 10 оқушы білім алды

Жалпы қай мектеп болмасын, мектеп жұмысының ең басты бағыты- педагог кадрлармен жұмыс. Осы оқу жылында мектебімізде барлығы 32 жоғары, 1- арнаулы білімді педагог жұмыспен қамтылып, қызмет атқарды. Оның ішінде – педагог-зерттеуші- 7(35,1), педагог-сарапшы- 6(24,3%), педагог-модератор- 8(22%), санатсыз -11. Сынып жетекшілер бірлестігінде 11 сынып жетекші, 2 тәрбиеші жұмыс атқарды.

Мектеп мұғалімдерінің педагогикалық потенциалы

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор		педагог	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2022-2023	33	7	33,3	6	22,2	8	25	11	10,8

Оқушылар қозғалысы

барлығы	ШО	МАД	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
168	14	17	12	12	15	15	16	13	20	14	10	7	3

Жылдар	Сыныптар	Сынып саны
2022-2023 оқу жылы	1-4сынып	54
	5-9сынып	73
	10-11сынып	10
	МАД	17
	ШО	14
	Барлығы	168

Мектеп мұғалімдерінің педагогикалық потенциалы

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог зерттеуші	%	Педагог сарапшы	%	Педагог модератор	%	Педагог	%
2022-2023 оқу жылы	33	7	21,2	6	18,1	8	24,2	11	33,3

Есбол орта мектебінде 5 бірлестікте 32 мұғалім жұмыс жасады

№	Бірлестік атауы	жетекшісі	Санаты	Өтілі
<u>1</u>	<u>«Шежіре»</u>	<u>Тұрғанбаева</u> <u>Гүлмира</u> <u>Ихсанқызы</u>		
<u>2</u>	<u>«Тілдер»</u>	<u>Сатқанбай</u> <u>Жазира</u> <u>Кәкімжанқызы</u>	<u>Педагог – модератор</u>	
<u>3</u>	<u>«Жаратылыстану»</u>	<u>Зинүллина</u> <u>Майра</u> <u>Талғатқызы</u>	<u>Педагог – сарапшы</u>	<u>13жыл</u>
<u>4</u>	<u>«Бастауыш»</u>	<u>Иманкулова</u> <u>Айнур</u> <u>Аскеровна</u>	<u>Педагог – зерттеуші</u>	
<u>5</u>	<u>«Дене, музыка, көркем еңбек, АӘТД»</u>	<u>Бертлеуов</u> <u>Қаржау</u> <u>Балабайұлы</u>	<u>Педагог – сарапшы</u>	

Үлгерім динамикасын және үлгерім сапасын талдау

Мектеп жұмысының нәтижелігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі-үлгерім сапасы. 2022-2023 оқу жылының Жылдық қорытынды бойынша үлгерім - 100%, үлгерім сапасы – 56%, "Өте жақсы" деген бағаға 22 оқушы үлгерді, бұл оқушылардың жалпы санынан 16,1% құрайды; "жақсы" - 48 (35%) оқушы, орташа оқитын 67 (48,9%) оқушы бітірді.

жылдық бойынша

Бастауыш мектепте жалпы 54 оқушы білім алса, оның 11-і (26,1%) оқушы "өте жақсы", 14 (33,3%) оқушы екпінді, орташа үлгеретін 16 (38%) үлгерген. Бастауыш мектеп бойынша үлгерім сапасы 59,5%, үлгерім - 100% құрады.

Негізгі мектепте 73 оқушы білім алса, оның 10-і (13,6%) оқушы "өте жақсы", 30 (41,9%) оқушы "жақсыға", 33-і (78,5%) орташа үлгерген. Негізгі мектеп бойынша үлгерім сапасы 54,7%, үлгерім – 100% құрады.

Жоғары мектепте барлығы- 10 оқушы, оның 1-уі (10%) оқушы "үздік", 5-і (50%) оқушы "екпінді", 13-і (40,6) орташа оқитындар. Жоғары мектеп бойынша үлгерім сапасы 60% құрады. Жоғары мектеп оқушыларының үлгерімі 100%.

Өткен оқу жылымен салыстарғандағы айырма

Сыныптар	2021-2022	2022-2023	Айырма
	Жылдық	жылдық	Жылдық
Бастауыш сынып	62,5	59,5	3
Негізгі сынып	60,8	54,7	-6,1
Жоғары сынып	62,5	60	-2,5
Жалпы сынып	61	56	-5

Мектептің жекеленген сыныптарындағы өткен оқу жылымен салыстырғандағы үлгерімнің сапасы

Сыныптар	2021-2022	2022-2023	Айырма
	Жылдық	жылдық	жылдық
1	-	-	
2	56,2	75	+18,8
3	68,7	53,3	-15,4
4	62,5	53,3	-9,2
5	78,5	50	-28,5
6	52,3	69,2	+16,9
7	61,1	50	-11,1
8	50	50	-
9	63,6	50	-13,6
10	50	71,4	+21,4
11	75	33,3	-41,7

▪ **Үздік оқушылар санының динамикасы**

2022-2023 оқу жылында 22 оқушы мектепті үздік бітірсе, оның 21-і мақтау қағаздарымен марапатталып, 9кл бір оқушы Үздік Аттестатпен аяқталып отыр.

Ұсыныс

Оқушылардың мотивациясының төмен деңгейінде, оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерінде, жекелеген мұғалімдердің педагогикалық қызметіндегі инерттілікті сақтауда, педагогикалық ұжымның дәлелді, дарынды және қабілетті балалармен жұмыс жүйесінің әлі де болса жетілдіру, оқу үдерісін технологияландыру

Шешу жолдары:

- сабақ және сабақтан тыс уақытта сараланған жұмысты ұйымдастыру; оқушыларының зияткерлік мүмкіндіктерінің оқу жетістіктерінің нақты нәтижелеріне сәйкес келмеу себептерін анықтау бойынша психологиялық тестілеу өткізу

Биылғы оқу жылында оқушылардың білім жетістігін мониторингілеуге 4 және 9 сынып оқушылары өз білімдерін сынап, өз деңгейлерін көрсете білді.

МОДО бойынша сапа :

Есбол орта мектебінің 9 сыныпқа өткен МОДО қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Оқу сауаттылығы (30)	Математика (13)	Жаратылыстану (32)	Барлық жинаған ұнайы (75)
1	ТаңатЖарас	12	8	12	32
2	Болат Ералхан	17	8	14	39
3	КенжешРахымжан	7	7	9	23
4	Самат Эльшат	15	7	12	34
5	ЕдрешоваНұрай	18	10	17	45
6	Аманжол Бекзат	15	12	15	42
7	АбатұлыЖандарбек	13	4	8	25
8	ЕлеуішБейбарыс	25	6	18	49
9	Нығмет Атабек	19	9	2	40
10	Сүндет Сағдат	16	7	16	39
		15,7	7,8	12,3	36,8

Есбол орта мектебінің 4 сыныпта өткен МОДО қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Барлық жинаған ұнайы
		30
1	Түсіпұлы Нұрхан	7
2	Асанқызы Сайда	6
3	Талғатұлы Мадияр	9
4	Жәнібекұлы Ерқанат	15
5	Талғат Аяна	14
6	Нұрадым Ернұр	12
7	Жоламанқызы Айтұмар	13
8	Аманжол Бекасыл	17
9	Қабілетұлы Ербатыр	13
10	Хасан Диар	16
11	Жеңісбек Нұрдаулет	21
12	Еңсеп Мирас	14
13	Әскер Қарақат	6
14	Ербосын Асылайым	10
		12,3




Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберілді.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10) сынып білім алушылары 10 оқушы төрт пәннен оның біреуі таңдау бойынша емтихан тапсырды. Нәтижесінде 10 оқушы Үздік аттестатпен, қалған 9 оқушы негізгі мектепті бітіру аттестаттарымен бітіріп отыр.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары 3 оқушы бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырды, олардың біреуі таңдау бойынша. Нәтижесінде 3 оқушы өз білімдерін қорғап шықты. 11 сынып оқушыларының 2-білім алушы ҰБТ ге қатысты. 1 түлек мемлекеттік грантпен Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай газ университетіне, 2 түлек колледжге грантқа түсті.

ҰБТ бойынша салыстырмалы көрсеткіші

№				Айырма
	Оқушы саны			
	Қатысқаны			-2
	Орташа ұпай	62,5	53,5	-9



- 2022-2023
- 2021-2022
- айырма

№	Оқушының аты жөні	Жалпы балл	Қазақстан тарихы	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Таңдау пәні	балл	Таңдау пәні	балл
1	Сәрсен Нұрбақыт Асыланұлы	72	14	13	10	матем	18	физика	17
2	Нұрашов Ерасыл Қалбайұлы	35	4	14	5	матем	5	Физика	7

9,11 сынып оқушыларының еңбекке орналасуы:

11 кл	всего выпускников (чел.)	поступили в (человек)		трудоустроенные (чел.)	выбыли за пределы (человек)		не трудоустроены (чел.)	не подлежат обучению (чел.)	призваны в армию (чел.)
		колледж	вуз		республики	области			
2021-2022	4	1	3	-	-	-	-	-	-
2022-2023	3	2	1	-	-	-	1	-	-

9кл	Всего (человек)	поступили в колледжи (человек)	перешли в 10 класс (человек)	выехали за пределы страны (человек)	трудоустроены (человек)	не трудоустроены (человек)	не подлежат трудоустройству (человек)
2021-2022	11	4 (колледж)	7	-	-	-	-
2022-2023	10	1 колледж 2 Облыстық мектеп	7	-	-	-	-



Оқушылардың байқаулар мен олимпиадаларға қатысуы.

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушылары түрлі конкурстарға, олимпиадаларға, турнирлерге, конференцияларға, интернет – олимпиадаларға қатысты. Әр түрлі деңгейдегі конкурстардың қатысушылары мен жеңімпаздары және олардың жетекшілері кестеде көрсетілген.

р/с	Байқаулар, сайыстар, олимпиадалар	Оқушының аты- жөні	Жетекшісінің аты- жөні
1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 кл оқушыларының олимпиадасы	Әділ Асылжан «Алғыс хат»	Мусаева Анар
		Теміржан Айназ Зорын	Қыдырқызы Раушан
		Нурлан Гулсезім	Сатқанбай Жазира
		Айбекұлы Елдар	Тұрғанбаева Гулмира
2	7-8 сынып оқушылары арасында жаратылыстану -математика бағытындағы пәндер бойынша олимпиадасы	Рақымғалиева Мадина 2орын	Аманғалиева Құралай
		Мендигали Жандарбек «Алғыс хат»	Таңатов Жалғас
		Адилов Ержан «Алғыс хат» Хасан Бағдат «Алғыс хат »	Мусаева Анар
		Сәлімжан Дина «Алғыс хат »	Альсмахова Айнур
		Алпысұлы Ерсұлтан Зорын Жолдас Санжар «Алғыс хат»	Жайсаңбаев Ермек
		Хасанов Жанарыс «Алғыс хат»	Хасанова Анар
		Жанбосын Лаура «Алғыс хат»	Зинуллина Майра
3	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 кл оқушыларының олимпиадасы	Едрешова Нурай Зорын	Нургалиева Лаззат
		Сәрсен Нұрбақыт Зорын	Таңатов Жалғас
		Елеуіш Бейбарыс 2-орын Болат Ерасыл 3-орын	Қоржықбаева Самал
		Нығмет Атабек 2орын математика пәні	Султанғалиева Жаңылсын
		Сундетова Мадина «алғыс хат» химия пәні	Бисемалиева Жанаргуль

4	Ғылыми жоба	Сәлімжан Дина 2 орын қазақ әдебиеті	Мусаева Анар
		Жолдасова Аяулым Зорын ағылшын тілі	Козыкешов Ержан
		Аманжол Бекзат Зорын	Сатқанбай Жазира
5	“Мұқағали оқуы» аудандық оқулары	Құмарғали Гүлзада Едрешова Нұрай	Мусаева Анар Нұрғалиева Л
6	“Лияс оқулары”	Бағытжанова Гулжанат	Мусаева Анар
7	“Әбіш оқулары”	Саматов Алихан Зорын	Темірханова Марина
8	«Ақберен» сайысы	Төлеп Мейірлан аудан І орын, облыс ІІІ орын	Аманғалиева Құралай
	“Абай оқулары” аудандық	Жолдасова Аяулым 2 орын	Аманғалиева Құралай
9	«Тіл құндылық» облыстық фестивалі	Едрешова Нұрай 2 орын Сәлімжан Алуа ІІІ орын	Нұрғалиева Лаззат Сілеумұханова Н
10	“Бастау ” олимпиадасы	Жеңісбек Қамбар 2 орын Талғат Фатима 2 орын Ғайнибек Айсана «Алғыс хат» Ануарқызы Гулнафис 2 орын Әсетұлы Қолқанат Алғыс хат Хасан Диар «Алғыс хат» Жоламанқызы Айтұмар Зорын Талғат Аяна Зорын Жеңісбек Нұрдаулет І орын	Мендигалиева Гульвира Сілеумұханова Назымгул Төребаева Найла
11	«Жүмекен» оқулары	Төлеп Мейірлан І орын, обл ІІІ орын Әділ Ержан ІІІ орын	Аманғалиева Құралай Мусаева Анар
12	«Мендекеш Сатыбалдин» оқулары	Жолдасова Аяулым ІІ орын Едрешова Нұрай Зорын Әділ Гулжан Зорын	Аманғалиева Құралай Нұрғалиева Л Мусаева Анар
13	«Фариза оқуы»	Таңатова Асел орын Жаңабай Альбина Зорын	Аманғалиева Қ Нұрғалиева Л
14	«Махамбет оқулары»	Болат Ерасыл Зорын Адилов Ержан Зорын Бағытжанова Гулжанат	Аманғалиева Қ Мусаева А Темірханова М
15	Ғылыми жоба сайысы	Сәлімжан Алуа 2 орын Жолдасова Аяулым Зорын	Мусаева А Козыкешов Е

		Аманжол Бекзат 2орын	Сатқанбай Ж
16	Шәкәрім оқулары	Айбекұлы Елдар I орын Обл «Алғыс хат»	Мусаева Анар
17	«Менің кіші Отанымның тарихы»	Төлеп Мейірлан 2орын	Таңатов Жалғас
18	«Менің ата-тегімнің тарихы»	Сәлімжан Дина 2орын	Тұрғанбаева гулмира

Түрлі байқаулар мен мұшайраларға қатысуы

№	Аты-жөні	Жетістіктері (алғыс хаттар және т.б.)	Жетекшісінің аты жөні
19	Жеңісбек Зере	«Айгөлек » аудандық фестивалі Вокалдық өнер Зорын	Есенаманова Актоты
20	Бауыржанұлы Рауан	«Айгөлек » аудандық фестивалі Мәнерлеп оқу 2орын	Есенаманова Актоты
21	Қайратқызы Асма Оңайша Гулжан	«Алтын сақа » математикалық олимпиадасы I орын	Султанғалиева Жаңылсын
22	Әділ Асылжан Ельчибекова Ақниет	Республикалық «Бастау» олимпиадасы Зорын	Хасанова Анар
23	Әскер Сағыныш Зорын Оңайша Гулжан 2орын	«Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы сурет байқауы	Тұрғанбаева Гулмира
24	Елеуш Бейбарыс	Облыстық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы Зорын	Темірханова Марина
25	Бағытжанова Гулжанат	«Алтын қазына» сәндік қолданбалы байқау II орын	Темірханова Марина
26	Хасан Бағдат Хасанов Жанарыс Жаңабай Альбина	«Бояулар құпиясы» суреттер байқауы «Диплом»	Темірханова Марина
27	Сәлімжан Дина Талғат Кәусар	«Шексіз өмір» республикалық фестивалі III орын	Темірханова Марина
28	Ринатқызы Диана МұратПарасат Қаржау Санжар Асетқызы Аягөз	Күзгі кросс 2орын Зорын	Жексенқұлов Ербол Бертлеуов Қаржау
29	Мендигалиев Бектұрған Ерболқызы Гулбақыт	Тоғызқұмалақ I орын Алғыс хат	Жексенқұлов Ербол
30	Нураш Ерасыл I-орын Фазыл Рамазан 2орын	IX қысқы облыстық президенттік көпсайыстан	Жексенқұлов Ербол
31	Бағытжанова Гулжанат 2орын Қуанғали гулзада Зорын Самат Алихан 2-орын Сундет Сағадат Зорын	IX қысқы облыстық президенттік көпсайыстан шаңғы	Бертлеуов Қаржау

32	Қайрош Айбөпе Абатұлы Жандарбек	Қысқы спорттық бағдарлаудан 2орын	Жексенқұлов Ербол
33	Ринатқызы Диана Асет қызы Аяғөз	Ауд I, обл III Көктемгі крос Ауд II Көктемгі крос	Жексенқұлов Ербол
34	Мендигалиева Жанерке	Көру қабілеті нашар республикалық дойбы III орын	

Оқушылардың интеллектуалдық дамыту бөлімінде мына проблемалар анықталды:

- аудандық деңгейдегі пәндік олимпиадаларда жүлделер болса да, облыстық олимпиадада жеңімпаздар мен жүлдегерлердің болмауы;
- облыстық деңгейдегі оқушылардың ғылыми жарыстарға қатысуы жағымды динамикада болса да, нәтижелері жетік деңгейде емес;
- бастауыш және орта буын оқушылары ғылыми жарыстарға қатысу деңгейін жетілдіру.

2022-2023 оқу жылында марапатталған мұғалімдер

р/с	Марапаты	Мұғалімнің аты жөні
1	Аудан Әкімінің Алғыс хаты	Есенаманова Актоты Жоламанқызы – шағын орталық тәрбиешісі
2	Аудан әкімінің Алғыс хаты	Султанғалиева Жаңылсын Нысанбайқызы - математика пәні мұғалімі
3	Аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты	Таңатов Жалғас- тарих пәні мұғалімі
4	Облыстық Кәсіподақ «Құрмет грамотасы»	Қоржықбаева Самал-география пәні мұғалімі
5	Облыстық Кәсіподақ «Құрмет грамотасы»	Хасанова Анар Елеуішқызы –физика
6	Облыстық Кәсіподақ «Алғыс хат»	Тюрина Фазила Жауғаштықызы- Бастауыш сынып мұғалімі
7	Облыстық Кәсіподақ «Алғыс хат»	Тұрғанбаева Гулмира Ихсанқызы – тарих пәні мұғалімі
8	Облыстық Кәсіподақ «Алғыс хат»	Темірханова Марина Темірханқызы – көркем еңбек пәні мұғалімі

Педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарынан өту диагностикасы: 2022-2023 оқу жылы

№	Бағдарлама атауы	Педагогтың аты – жөні
1	Жаһандық құзыреттілік	Батырғалиева Гулжайна Батырғалиқызы
2	«Бастауыш сынып 1-4 мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Мендигалиева Гульвира

3	«Бастауыш сынып 1-4 мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Иманкулова Айнур Аскеровна
4	«Бастауыш сынып 1-4 мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Тюрина Фазила Жауғаштықызы
31	Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта өткізген 34 академиялық сағат көлеміндегі критериалды бағалау бойынша каникулярлық мектепке қатысты	Таңатов Жалғас
	«Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып-комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі»	
	«Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	
	«Білім берудегі менеджмент: мектеп қызметін басқару» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 344 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтады және орта білім беру ұйымдары басшыларының кадрлық резервіне ұсынылады «Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту» 56 академиялық сағат көлемінде	Козыкешов Ержан
	«Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту» 56 академиялық сағат	Сұлтанғалиева Жаңылсын
	«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша педагогикалық кадрларды қайта даярлау курсы 108 сағат	Темірханова Марина
	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» «Физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» 80 академиялық сағат	Хасанова Анар
	«10-11 сыныптарда «Қазақ тілі» және «қазақ әдебиеті» пәні бойынша педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Мусаева Анар
	«Көркем еңбек» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 40 сағ «Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту» 56 сағ «5-9 сыныптардағы информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Сугирова Бибінура

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта өткізген 34 академиялық сағат көлеміндегі критериалды бағалау бойынша каникулярлық мектепке қатысты «Тарих сабақтарында тарихи ойлау дағдыларын дамыту»	Тұрғанбаева Гулмира
«Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып-комплекттерінде пәндерді оқыту әдістемесі»	Бисемалиева Жанаргуль
«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» «5-9 сыныптарда «Қазақ тілі» және «қазақ әдебиеті» пәні бойынша педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту	Нұрғалиева Л
«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»	Қоржықбаева Самал
«Экологиялық сауаттылық» «Биология сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру»	Зинуллина Майра

Жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Білім беру бөлімі және оқу-әдістемелік қамту орталығының жоспарына сәйкес түрлі деңгейдегі олимпиадаларға дайындау жүйесін қалыптастыру.
2. Бастауыш және негізгі сатыдағы оқушыларымен мектепшілік олимпиадалар, байқаулар, марафондар ұйымдастыру түрлерін жетілдіру.
3. Интеллектуалдық жарыстарға қатысу нәтижелерін талдау және олимпиадаларға дайындауда оқушыларға сабақ ұйымдастыру мониторингін жүйелі түрде жүргізу.
4. Әр деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға оқушыларды дайындаудың перспективті жоспарын құрастыру.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрліс педагогикалық теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім с-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Осы талап негізінен шығып жүрген, шығармашылықпен еңбек етіп жүрген ұстаздарымыз бар.

Алайда мұғалімдер түрлі сайыстар, вебинарлар, конкурстарға қатысу жақсы болғанмен педагогикалық оқуларға қатысу төмен деңгейде. Мысалы, биылғы оқу жылында педоқуға қатысқан мұғалім болған жоқ.

Курстардың арқасында біздің педагогтардың 98% компьютерді меңгерудің базалық деңгейін игерді. Олардың көпшілігі оқытудың келесі кезеңінде білімін жетілдіреді. Алған білім мен дағдыларды мұғалімдердің 95% - ы өз жұмысында акт жүйелі түрде қолданатынын атап өткен жөн. Біліктілікті арттыру курстарынан басқа мектепте педагогикалық кеңестер, ашық сабақтар, конкурстар, сабақтарда және сыныптан тыс қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін тарату бойынша мастер-класстар ұйымдастырылады, бұл алынған тәжірибені қолдануға мүмкіндік

беріп қана қоймай, әлі күнге дейін оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін меңгеруге бел
бумаған педагогтарды ынталандырады.
Сондықтан мұғалімдердің өз білімін жетілдіру мәселесі өзекті болып қалады

Жыл бойы жұмыс қорытындысы нәтижесі бойынша мектеп ұжымы мына
міндеттерді алдына қоя отырып, жұмысын жалғастырады:

- Білім беру үрдісін оқу-тәрбие, әдістемелік және ғылыми негізде ұйымдастыру
- Пәндер бойынша неғұрлым тиімді әдістерін таңдау арқылы сапалы білімге қол жеткізу
- Бүгінгі күн талабына сай білім беру үрдісін ақпараттандыру
- Қазіргі қоғамға тән білім беру үрдісін ізгілендіру, дербестендіру және
саралау нәтижеге бағытталған білім беру
- Жас өспірімдердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай олардың
одан әрі дамуы мен қабілеттерін іске асыруына жағдай жасау
- Озық ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін сабақ өту процесінде
қолдану.
- Ұжымда шығармашылық ахуал тудырып, мұғалімдерді ғылыми – зерттеу іс-әрекетіне
баулу;
- Замануи бағытта материалдық – техникалық базаны нығайту
- Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге
асыру бойынша жұмысты күшейту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың
алдын алу.

2023-2024 оқу жылында Есбол орта мектебінде жүргізілетін жобалар

№	Жоба тақырыбы	Мақсаты	Жетекшісі
1	«Әлем тізгіні – білімді жас қолында»	Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, іскер, білімді, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын, мақсатқа жету үшін еңбектене білетін жеке тұлғаны қалыптастыру;	Мендигалиева Гульвира
2	«Даналық мектебі»	Ата әжелердің өнегелі өмірін, әкенің орны, рөлі, аналардың мейірімділігін үлгі ете отырып, оқушыларды өмірге үйрету, мектептегі оқушыларды қазақтың ұлттық құндылықтарына, ұлттық салт-дәстүріне баулу, туған жерін, елін, шаңырағын ардақтайтын тәрбиелі, төзімді, қайратты жан болуға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу	Тюрина Фазила
3	«Өлкені тану – ұрпаққа парыз ұлы іс»	Туған өлке тарихын ауыл, мектеп т.б нысандардың тарихын зерттеу, сонымен қатар ауыл маңындағы жер – су атауларының шығу тарихын анықтау. Өлке аумағында кездесетін тарихи орындар мен ескерткіштер, мәдени ескерткіштер, көне тұрақтар мен қалашықтар, кесенелер мен қорымдар және олардан табылған жәдігерлер туралы мәлімет беру; Оқушыларды шығармашылық ізденіс жұмыстарына баулу арқылы өлке тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру;	Таңатов Жалғас
4	«Табиғаттың қорғаны бол – жас ұрпақ»	Мектеп жанында эстетикалық және экологиялық тартымды кеңестік құру, еңбекқорлықты, өз мектебіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, табиғатқа ұқыпты қарау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру	Зинуллина Майра
6	«Танымның бар тамшысы-кітапта»	Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту, сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу. Оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау, рухани мұраны сақтау, кітап оқу дағдысын қалыптастыру	Сабырбаева Шынар

2023-2024 оқу жылында Есбол орта мектебінде өтілетін декадалар

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты бірлестік
1	Жаратылыстану бағытындағы пәндер негізінде алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру	5-16.02.2024	МИФ бірлестігі
2	Оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыны тиімді білім алу үшін тілдік дағдыларды дамыту, қолдану	13.11-24.12.2023	«Тіл және тарих» бірлестігі
3	Тұғыры биік -Тәуелсіздік	4.12.-15.12.2023	ДТЖО Тәлімгер
4	«Бастауыш сынып оқушыларының білім – білік дағдыларына құндылықтарды ұштастыру арқылы оқушы құзыреттілігін қалыптастыру	16-26.10.2023	Бастауыш бірлестігі
5	«Жаңа технологияны енгізу арқылы оқу – тәрбие үрдісіне оқушылардың қызығушылығын дамыту;	1,04-11.04.2024	Дене бірлестігі

2023-2024 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысының жоспары мен алға қойған міндеттері

I. «Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру»

1. 2023-2024 оқу жылына жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	«Білім беру ұйымдарына қабылдау және тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету арқылы І-сыныпқа оқушыларды қабылдау (Е-GOV, Sakura мемлекеттік порталы)	01.04-01.08.2022	Мусаева А	Е-GOV мемлекеттік порталы арқылы электрондық құжаттарды қабылдау
2	Сыныптарды жинақтау	01.09.2023 дейін		бұйрық
3	Алфавиттік кітапты, оқушылардың келу/кетуіне арналған бұйрықкітабын жүргізу	05.09.2023 дейін	Мусаева А	анықтама
4	«Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу	01.08-30.09.23	Қоржықбаева С Төреғалиева А	Киім мен кеңсе тауарларын беру, бұйрық
5	9, 11 сынып түлектерін жұмыспен қамту	Қыркүйек қаңтар	Хасанова А Козыкешов Е	Растау анықтамасы, ДЖК анықтамасы
7	Сыныптың әлеуметтік паспорты. Жаңадан келген оқушылар қатарынан жетім балаларды, көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды анықтау	1.09.2023 Дейін	Төреғалиева А	анықтама, ҰБДҚ базасындағы тізімді жаңарту
8	Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру	1.09.2023 дейін	Танатов Ж Төреғалиева А	анықтама

9	1-11 сынып оқушыларының жеке істерін тексеру	Қыркүйек қаңтар	Сынып жетекшілер	анықтама
10	Оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	10.09.2023 дейін	сынып жетекшілер кітапханашы	анықтама
11	ҰБДҚ базасын және мектеп оқушыларының базасын жаңарту	қыркүйек, жыл бойы	Жайсанбаев Е	ҰБДҚ базасын жаңарту
12	1-4 сынып оқушылары үшін ыстық тамақ пен 5-11 сынып оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру	1.09 нен бастап жыл бойы	мектеп асханасының жалға алушысы, әлеуметтік педагог	анықтама
13	Оқушылардың қозғалысын бақылау	жыл бойы	іс жүргізуші	әр тоқсанның соңында ББ есеп беру
14	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	маусым шілде, там ыз	Тәрбие ісінің орынбасары, әлеуметтік педагог	анықтама
15	2023-2024 оқу жылына арналған жалпы білім беру барысы туралы есеп	мамыр	Оқу ісінің орынбасары	Жұмыс талдауы

2023-2024 оқу жылына Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңын іске асыру бойынша ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	«ҚР-дағы Тіл туралы» Заңды, ҚР-да тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру	Жыл бойы		«ҚР тілдер туралы» Заңды іске асыру туралы анықтама
2	ҚР БҒМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды зерттеу	қыркүйек	Әкімшілік Әдістемелік бірлестік жетекшілері	ҚР БҒМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды талдау
3	Іс қағаздарын жүргізу, стендтер мен көрнекі материалдарды мемлекеттік тілде безендіру	үнемі	Мектеп директоры Оқу ісінің орынбасары	мемлекеттік тілде іс қағаздарын сапалы жүргізу
4	Мемлекеттік қызметтерді көрсету («Электрондық үкімет» сайты, «E-gov») және азаматтарды мемлекеттік тілде қабылдау	үнемі	Мектеп директоры	мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік тілде сапалы көрсету
5	Қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылуды ұйымдастыру	Қыркүйек, желтоқсан	Кітапханашы	қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылу
6	Кітапхана қорын әдебиеттермен, терминологиялық сөздіктермен толықтыру	үнемі	кітапханашы	қазақ тіліндегі әдебиеттерді сатып алу
7	Тілдер айына арналған іс-шаралар	қыркүйек	Оқу ісінің	ашық сабақтар, сыныптан

	ұйымдастыру.		орынбасары	тыс шаралар, мұражайларға, театрларға бару.
8	Тілдік пәндер мұғалімдерінің аудандық және облыстық олимпиадасына қатысу	Жоспар бойынша	Оқу ісінің орынбасары	тілдік пәндер мұғалімдерінің ауд., облыстық олимпиадасына қатысудың нәтижесі
9	Мектеп оқушыларын әр деңгейдегі байқауларға қатыстыру және өткізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	жоғары сынып оқушыларының әртүрлі деңгейдегі қазақ тіліндегі байқауларға қатысудың нәтижесі
10	Стандартқа сәйкес пән кабинеттерін материалдық-техникалық жаңарту	үнемі	Әдістемелік бірлестік	стандартқа сәйкес қазақ тілі кабинеттерін жаңарту
11	«ҚР тілдері туралы» заңға мониторинг жүргізу	үнемі	Тәрбие ісінің орынбасары	«Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңының іске асырылуын талдау

Мектеп техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
Балалардың жол-көлік жарақаттары ескерту бойынша шаралары				
1	Еңбек қауіпсіздігі және техникалық қауіпсіздігі үшін жауапты адамды тағайындау туралы мектепке бұйрықты жасау	қыркүйек	Мектеп директоры	бұйрық
2	1-8 сынып жетекшілерімен жолда жүру ережелеріне сәйкес оқушылармен сабақ өткізу әдістемесі бойынша нұсқаулық	қыркүйек	Тәрбие ісінің орынбасары Сын жетекшілер	нұсқаулық
3	Оқушылармен тақырыптық ертеңгіліктер, викториналар, конкурстар, жол қауіпсіздігі бойынша жарыстар өткізу	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын-алу
4	ИДН қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	Тәлімгер	дәрістер
5	Жол қауіпсіздігі үшін мектеп сайтында парак жасау	қыркүйек	тәлімгер	Ескертпелер, мақалалар
Мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар				
1	Мектептің барлық бөлімшелерінде қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жағдайларды қамтамасыз ету	шілде	Әкімшілік	анықтама
3	Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. Ғимараттарды тиісті өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету.	Шілде, қазан	Олжағалиев А	Мектеп жөндеу жұмыстары
4	Мектеп қызметкерлерін ақысыз медициналық тексеруден өткізу	Шілде-тамыз	Медбике	медбайқау
6	Мектепті дез. құралдарымен зарарсыздандыру құралдарымен қамтамасыз ету	Күн сайын	Медбике	дез. құралдар, санитайзерлер
8	Қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес	Қажет	Медбике	әр кабинетте

	жұмыс орындарын алғашқы медициналық көмек жинақтарымен қамтамасыз ету	болған жағдайда		алғашқы мед көмек қобдишасы
10	Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша алғашқы және жоспарлы нұсқаулықты уақтылы өткізу	Тамыз, қыркүйек, қаңтар	Олжағалиев А	нұсқаулықтар
12	Мұғалімдер мен зертханашылардың еңбек қауіпсіздігі стандарттары, жұмыс нормалары мен ережелерін білімдерін тексеруді ұйымдастыру	Жарты жылдықта 1 рет	Мкетеп директоры кәсіподақ	Білімді тексеру
13	Сабақтағы және сабақтан тыс техникалық қауіпсіздікті сақтау.	желтоқсан		ДЖК
Оқушылардың өмірін, денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау шаралары				
1	«Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау» бөліміне құжаттама дайындау; - «Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы» мектеп бойынша бұйрық	қыркүйек	Мектеп директоры	бұйрық
2	Санитарлық ережелер мен СанПиН стандарттарына сәйкес санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын үнемі бақылауды жүзеге асыру: - білім беру мекемесінің, тамақтану объектісінің санитарлық-гигиеналық жағдайы, оқу бөлмелерінің, спортзалдың, шеберханалардың және басқа үй-жайлардың жеңіл, ішімдік, ауа режимі; - сабаққа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы: оқушыларды ұсыныстарға сәйкес отырғызу, мектеп кестесіне валеологиялық талдау жасау, жаттығу сабақтарының шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу, үй тапсырмаларын мөлшерлеу;	Жыл бойы	Әкімшілік	кесте, анықтама
3	Аз қамсыздандырылған отбасылардың балаларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру	Қазан, қаңтар	Әкімшілік	ӘК
4	1-4, 5-9 сынып оқушыларының денсаулық топтары бойынша ауыру талдауын жүргізу.	Қазан, қаңтар	Медбике	ӘК
5	Технологиялық кабинеттердің жабдықтарын қауіпсіздік шаралары мен өндірістік санитария талаптарына сәйкес келтіру	қазан	Кабинет жетекшілері	ӘК
6	Нұсқаулыққа сәйкес физика, химия, информатика, технология кабинеттерінде, спорт залында қауіпсіздік шараларын қолдану	қараша	Әкімшілік пән мұғалімдері	ӘК
7	Сыныптарды желдету және дымқыл тазалау.	Күн сайын	Техникалық қызметкерлер	1 және 2 ауысымда кабинеттерді жинау
Жарақаттар мен жазатайым оқиғаларды ескерту және алдын-алу бойынша іс-шаралар				
1	Мектептің педагогикалық ұжымына мектеп оқушылары арасында жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын-алу туралы нұсқау беру	Қыркүйек, қаңтар	Әкімшілік	нұсқаулық
2	ӘБ сынып жетекшілерінің отырысында «Мектептен тыс уақытта сыныптан тыс жұмыстар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау	Жыл бойы	Сын жетекшілер	анықтама

	және жарақаттанудың алдын-алу» тыңдау			
4	Ата-аналар жиналысында балалар арасындағы жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын-алу мәселелері талқыланады	Жыл бойы	Қоржықбаева Самал	анықтама
5	Оқушылар арасында жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын алу бойынша мектептің оқу жылына арналған жұмысына талдау дайындау	мамыр	Қоржықбаева Самал	анықтама
Өртке қарсы шаралар				
1	Өрт қауіпсіздігіне жауап беретін адамдарды тағайындау туралы, өртке қарсы режимін орнату туралы бұйрық шығару.	қыркүйек	Мектеп директоры	бұйрық
2	Мектеп қызметкерлері мен оқушыларға өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізу	Қыркүйек қаңтар	Мектеп директоры	нұсқаулық
3	Өрттің алдын-алу бұрышын жасау және мамандандырылған кабинеттерді қажетті жабдықтармен камтамасыз ету	қыркүйек		нұсқаулық
4	Желінің және жабдықтың жерге тұйықталуының оқшаулау кедергісін тексеру	қыркүйек		акті

Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрі	мерзімі	Жауаптылар
1	ЕБҚ бар оқушылардың мектептегі мәліметтер банкін қалыптастыру	ақпаратты жинау және өңдеу	01.09.2022 дейін	
